

۹۸۱۲۷۸

الببلي

الببلي

ӘЛІПБИ

Älīpbī

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ  
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDА +7

Алматы  
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша  
«Қазақстан Республикасындагы тіл саясатын іске асырудың  
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»  
аясында шығарылды*

**Құрастыруышылар алқасы:** Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,  
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

**Ә55 ӘЛІПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық.** – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер камтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық таныткан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-  
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020  
© «Арда + 7», 2020

жасалған. Батыста финикий жазуының негізінде шықкан грек жазуынан Еуропа халықтарының әріп жазу жүйелері жасалған.

**Дыбыс және дыбыс қоры.** Сөйлер сөзді жік-жікке бөліп тұратын элемент, сөздің ең кішкене бөлшегі. Сөз дыбыстары сөйлеу мүшелерінің курделі артикуляциялық қызметінен пайда болған акустикалық жаңғырық және сол жаңғырықтың құлакқа шалынуы. Сөздегі дыбыс – фонемалардың өкілі болып табылады. Тілдің дыбыс қоры дауысты, дауыссыз дыбыстар жүйесінен тұрады.

**Дыбыс жүйесі** – кез келген тілдің әдеби нормасындағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық (жасалым), акустикалық (айтылым) және перцепциялық (естілім) ерекшеліктері. Белгілі бір тілдің дыбыс жүйесі негізінен артикуляциялық зерттеулер арқылы анықталады. Соңғы зерттеулерде қазак тілінің дыбыс жүйесі фонетикалық талдау негізінде жасалым белгілеріне карай, фонологиялық талдаудың негізінде үндесім белгілеріне қарай жіктелген. Тіліміздегі нақты дыбыстардың саны әліпбидегі санынан төрт есе көп.

**Дыбыс зандары** – тілдегі дыбыстық өзгерістердің даму сипатын білдіретін ережелер мен зандар.

**Дыбыс икемделуі** – қатар келген дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір-біріне үйлесіп, икемделіп айтылуы.

**Дыбыс күші** – дыбыстың діріл қарқынының күшіне байланысты дыбыстың сандық санасы. Діріл қарқыны күшейген сайын дыбыс күші де арта түседі.

**Дыбыс өзгерістері** – тіл дыбыстарында кездесетін әр түрлі өзгерістер. Қазақ тілінде дыбыстық өзгерістердің мынадай түрлері кездеседі: 1) комбинаторлық өзгерістер; 2) спонтандық өзгерістер.

**Дыбыс санасы** – дыбыс сапасы дауыстылардың өзіне тән әуені болуынан, дауыссыздардың нақты айтылу тәсілінен көрінеді.

**Дыбыс созылышқылығы** – дыбыс созылышқылығы фонетикалық позицияға, діріл мөлшері мен дыбыстың созылу уақытына байланысты пайда болады. Дыбыс созылышқылығы – дыбыстардың жасалуындағы негізгі шарттардың бірі.

**Дыбыс субSTITУЦИЯСЫ** (латын. «*substitutio*» – алмастыру) – кірме сөздер қабылданған кезде олардың құрамындағы кейбір дыбыстарға балама боларлық дыбыстар болмағандықтан, фонетикалық жағынан игерілген басқа дыбыстармен алмастырылуы. Мыс., парсы сөздері: *aһәнг* – ән, *гүгәрд* – күкірт, *шәһр* – шәһәр, *мәһман* – мейман, *дәрәхт* – дарақ; орыс сөздері: *волость* – болыс, *майор* – майыр, *суд* – сот, *пуховый* – бөкебай, *ситец* – сәтен, *кучер* – көшір, *бутылка* – бөтөлке, *самовар* – самауыр.

**Дыбыс таңбасы** – әріп. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде «әріп» сөзі «әріп», «қаріп», «харіф» түрінде берілген. Фалым жазуда дыбыстың таңбасы харіф түрінде берілетінін ескерте келіп, дыбыс пен харіфті шатастырмая керектігін, айтқан сөзге қатысты «дыбыс» сөзі, жазған сөзге қатысты «харіф» сөзі қолданылатынын, дыбыстың «естілетін, көрінбейтін нәрсе» екенін, харіфтің «көрінетін, естілмейтін нәрсе» екенін айтады.